

Алматы қаласының облигацияларын шығару туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының ІІ сайланған ІІ сессиясының 1999 жылғы 22 қарашадағы шешімі. Алматы қалалық әділет басқармасымен 1999 жылғы 6 желтоқсанда N 85 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық Мәслихатының ІІ сайланған VIII сессияның 2004 жылғы 29 шілдедегі N 76 шешімімен

Ескерту: Күші жойылды - Алматы қалалық Мәслихатының ІІ сайланған VIII сессияның 29.07.2004 N 76 шешімімен.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Алматы қаласы жергілікті атқарушы органының» облигациясын шығарудың» уақытша тәртібін бекіту туралы" 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 1437 Қаулысына сәйкес және 1999 жылдың 1 қыркүйегіндегі І-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXVIII сессиясы шешімінің негізінде ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 1999 жылғы қала бюджетінің кіріс және шығыс бөлігіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бюджеттік жіктеліс кодтары бойынша келісілген 400,0 (төрт жүз) миллион теңге көлемінде белгіленген тәртіппен облигациялар шығару жолымен инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі кірістер мен шығыстар енгізілсін.
2. 2000 жылғы Алматы қаласының бюджетін бекіту кезінде қала бюджетінің кіріс және шығыс бөлігіне енгізілсін:
 - кірістер бойынша - кредиттер бойынша қаражатты қайтару;
 - шығыстар бойынша - облигациялық займға қызмет ету және 400,0 (төрт жүз) миллион теңге көлемінде облигациялар эмиссиясын өтеу.

*ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының ІІ-ші сессиясының
төрағасы Е.Тәжиев*

*ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы Ж.Төрегелдинов*

